«Маңғыстау облысы әкімінің аппараты» ММ-де 2025 жылдың қорытындысымен сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау бойынша анықтамалық ақпарат

«Маңғыстау облысы әкімінің аппараты» ММ *(бұдан әрі – Аппарат)* өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ Аппарат туралы Ережені басшылыққа алады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау *(бұдан әрі - СЖТІТ)* Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы және Маңғыстау облысы әкімі аппараты басшысының 2026 жылғы 01 маусымдағы №13-нқ «Маңғыстау облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» бұйрығы негізінде жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің мерзімі – 2026 жылғы 15 маусымнан бастап Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларында көзделген мерзімдерге сәйкес.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы бұйрыққа сәйкес жауапты жұмыс тобы құрылды. Жұмыс тобының төрағасы – Маңғыстау облысы әкімі аппараты басшысының орынбасары М. Сұлтанов, жұмыс тобының хатшысы Маңғыстау облысы әкімі аппаратының құқық қорғау органдарымен жұмыс бөлімінің бас инспекторы Р. Жұбаназаров. Жұмыс тобының құрамында облыс әкімі аппаратына қарасты бөлім басшылары бар.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылды:

1. Нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
2. Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:
   1) персоналды басқару, оның ішінде СЖТ шалдыққан лауазымдарды айқындау;
   2) мүдделер қақтығысын реттеу;
   3) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мониторингі;
   4) бюджет және қаржы-қаражатын игеру және бөлу;
   5) жеке және заңды тұлғалардан келген өтініштермен жұмыс;
   6) бақылау және құжаттамалық қамтамасыз ету.

Нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

2025 жылғы қорытынды бойынша облыс әкімдігімен 290 қаулы, облыс әкімінің 143 өкімі, 1 шешімі әзірленіп, құқықтық сүйемелдеу жұмыстары жүргізілді.

Сондай-ақ, облыс әкімдігінің қолданыстағы 77 нормативтік құқықтық актісі бойынша құқықтық мониторинг жүргізіліп, Қазақстан Республикасы заңнамасындағы өзгерістерге сәйкес оларды өзектендіру және қолданыстағы заңнамаға сәйкестендіру жұмыстары уақытылы қамтамасыз етілді.

Жүргізілген құқықтық мониторинг нәтижесінде қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерде заңнама талаптарына қайшы келетін нормалар мен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін туындататын құқықтық олқылықтар анықталған жоқ.

Есепті кезеңде нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, келісу, қабылдау және мемлекеттік тіркеуге ұсыну барысында заң талаптарының бұзылу фактілері орын алған жоқ.

Бұдан бөлек, Бірыңғай заң қызметі облыстық басқармалар мен облыс әкімдігі атынан азаматтық, әкімшілік және апелляциялық, кассациялық сот істері бойынша соттарда өкілдік етіп, мемлекеттік органдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз етті.

Сот істерін қарау барысында заң талаптарының сақталуы қамтамасыз етіліп, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін немесе қызметтік өкілеттіліктерді теріс пайдалану фактілерін көрсететін мән-жайлар анықталған жоқ.

Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

1. Персоналды басқару, оның ішінде СЖТ шалдыққан лауазымдарды айқындау.

Персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың ауысуы.

2025 жылдың қорытындысы бойынша Аппараттағы мемлекеттік қызметшілердің штат саны - 77 бірлікті құрады, оның ішінде саяси қызметші – 7, «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметкерлер саны – 70.

Талдау қорытындысына сәйкес есептік кезеңде облыс әкімі аппараты мен облыстық басқармалардағы мемлекеттік қызметшілердің таза ауысымдылығы бойынша барлығы – 60 (4,5%), оның ішінде, жеке секторға кетуімен – 2, квазимемлекеттік сектордың ұйымдарына кетуімен – 27, бюджеттік ұйымдарға -1, басқа себептермен (өз еркімен) - 29.

Қызметшілердің мемлекеттік қызмет жүйесінен кетуі бойынша ай сайын мониторинг жүргізіледі. Таза ауысымдылықпен жұмыстан босатылған қызметішлердің сұхбаты 100% «Е-қызмет» ықпалдастырылған ақпараттық жүйесі арқылы толтырылуда және тұрақты бақылауда (электронды түрде).

Есептік кезеңде өңірде басшы кадрлардың командамен ауысуы орын алмады.

2025 жылы 4 саяси мемлекеттік қызметші тәртіптік жауапкершілікке тартылған (Т.Жеткізгенұлы – сөгіс, Е.Күмісқалиев –сөгіс, М.Әбдіқадыров –қатаң сөгіс, Т.Әбішев – сөгіс). Барлық саяси қызметкер де өзіне жүктелген міндеттерді орындаудағы сындарға байланысты тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Одан бөлек, 2025 жылы 77 мемлекеттік әкімшілік қызметшіге қатысты тәртіптік шаралар қолданылды.

Бос және уақытша бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға іріктеу Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының 2025 жылғы 8 желтоқсандағы №196 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

Заңның 27-бабының 10-тармағына сәйкес 2025 жылы 17 қызметкер өңірлік кадр резервінен тағайындалды.

Бос мемлекеттік лауазымдарға тиісті біліктілік талаптарына сай келетін азаматтар қабылданады.

Есептік кезеңде конкурстық іріктеуді формальды түрде өткізу, біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін адамдарды жұмысқа қабылдау фактілері орын алған жоқ.

2025 жылы жарияланған бос орындар саны аяқталған конкурстық рәсімдер бойынша – 194 (осы мемлекеттік органның қызметкерлері арасындағы ішкі конкурс - 60, жалпы конкурс – 134).

Мемлекеттік қызмет саласындағы заңнама талаптарының орындалуын бақылау мақсатында облыс әкімі аппаратының персоналды басқару қызметімен жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың кадр мәселелері бойынша қабылдаған актілеріне тұрақты негізде мониторинг жүргізіледі.

Маңғыстау облысы әкімінің аппаратында «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарын функционалдық блоктар бойынша «А» блогына – 48 лауазым немесе 72,9%, «В» блогына – 19 лауазым немесе 27,1%, лауазым жатқызылды.

Аппараттағы мемлекеттік әкімшілік лауазымдар Әдістеменің 9-тармағына сәйкес тиісінше функционалдық блоктарға бөлінді.

Жүргізілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингінің нәтижесінде Аппаратта «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарын функционалдық блоктар бойынша дұрыс бөлмеу фактісі және сыбайлас жемқорлық көріністеріне ықпал ететін мәселелер анықталмады.

Жеке және заңды тұлғалардан келіп түскен өтініштерді уақытылы қарамау – сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жатады. Есептік кезеңде ондай фактілер анықталмады.

2. Мүдделер қақтығысын реттеу.

Жақын туыстарының, жұбайлары (зайыптары) мен жекжаттарының бірге қызмет істеуін анықтау мақсатында Аппарат қызметкерлерінің жеке істеріне талдау жүргізілді. Нәтижесінде жақын туыстарының, жұбайлары (зайыптары) мен жекжаттарының бірге қызмет (жұмыс) істеу фактісі анықталмады.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету.

Аппаратпен мемлекеттік қызметтер көрсетілмейді.

4. Рұқсат беру функцияларын іске асыру.

Аппарат өз қызметінде рұқсат беру функцияларын атқармайды.

5. Бақылау-тексеру функияларын іске асыру.

Аппарат өз қызметінде бақылау функцияларын атқармайды.

6. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мониторингі.

Жыл қорытындысы бойынша мемлекеттік көрсетілген қызметтер саны 10 400 589 құрады.

Орталық мемлекеттік органның ай сайын жүргізетін мониторингіне сәйкес анықталған мерзім бұзушылықтар саны – 33.

2025 жылы 75 нысанға ішкі бақылау шаралары жүргізіліп, 1 772 бұзушылықтар анықталды. Оның ішінде:

- қызметті көрсету мерзімі бұзылып көрсетілген фактілер – 212;
- құжаттар топтамасының толық болмауына қарамастан қызмет көрсету фактілері – 211;
- НҚА көзделмеген құжаттарды талап ету фактілері – 118;
- Ақпараттық жүйеден алуға болатын құжаттарды талап ету – 62;
- НҚА көзделген жұмыс кестесін сақтамау фактілері – 17;
- қызмет көрсету тәртібінің бұзылуы – 1 019;
- негізсіз бас тартулар саны – 7;
- өзге де бұзушылықтар – 126.

Қабылданған тәртіптік шаралар: 41 (ескерту – 40, сөгіс – 1, оның ішінде Басшылық құрам-21 (ескерту-19, әкімшілік айыппұл-2).

Талдау барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

7. Бюджет және қаржы-қаражатын игеру және бөлу.

Аппараттың қызметін қолдауға жергілікті бюджеттен бөлінген қаражат 1 149 155,1 мың теңгені құрады, оның ішінде:

Бағдарлама бойынша жалпы көлем:

«Облыс әкімінің қызметін қолдау» 001 бағдарламасы – 939 520,8 мың теңге.

004 бағдарламасы – 46043,3 мың теңге.

019 бағдарламасы – 36090,0 мың теңге.

«Ауыл әкімдерінің сайлауын қамтамасыз ету және өткізу» 009 бағдарламасы - 127 500,9 мың теңге.

Төлем балансының жалпы қалдық сомасы 0,0 мың теңгені құрап, игерілуі 100% құрады.

www.stat.gov.kz сайтына статистикалық есеп, www.salyk.kz сайтына салық есебі ұсынылды. Қаржы басқармасына мемлекеттік сатып алу туралы есеп берілді, шоғырландырылған қаржылық есеп, www.minfin.kz сайтында дебиторлық және кредиторлық берешек туралы есеп, еңбекақы төлеу туралы есеп, бюджеттік бағдарламалардың орындалуы туралы есеп (мониторинг), «Ашық бюджеттер» электронды үкімет веб-сайтында бюджет деректерін толықтыру www.egov.kz, ЕССО веб-сайтында берілген есептен шығару есебі, есептен шығару Мемлекеттік сатып алу порталында бюджетті нақтылау кезінде жылдық жоспарды өзгерту бойынша жұмыс жүргізілді, сондай-ақ аппарат басшысының тапсырмасы бойынша бөлімдерден түскен ресми хабарламалар негізінде сұраныс бойынша баға ұсыныстарын сұрату арқылы тауарлар мен қызметтер сатып алынды. Келісім шарттар жасалып, мемлекеттік сатып алу порталында тіркелді, ағымдағы төлемдер Қазынашылық АЖ-де жүргізілді, өтініштер негізінде аппарат пен бағыныста қызметкерлердің қажеттіліктеріне сәйкес жеке қаржыландыру жоспарына өзгерістер енгізілді.

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясына 2025 жылғы жағдай бойынша шоғырландырылған қаржылық есеп ұсынылды.

Талдау барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

8. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу.

Баға ұсыныс тәсілімен 73 шарт жасалды.

Өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден алу тәсілімен 16 шарт жасалды.

Бір көзден алу тәсілімен тікелей шарт жасасу арқылы (біліктілікті арттыру, қайта даярлау) 8 шарт жасалды.

Талдау барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

9. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану.

Қазақстан Республикасы Президентінің №350-VI жарлығымен 2020 жылдың 29 маусымында Қазақстан Республикасының Әкімшілік Рәсімдік – Процестік Кодексі қабылданды. Осы кодексті басшылыққа ала отырып 2021 жылы 1 шілдесінен бастап өтініштерін қабылдау үшін «Е-Өтініш» бірыңғай ақпараттық жүйесі іске қосылды.

2021 жылдың қазан айынан бастап Мемлекеттік органдардың электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесі іске қосылды. Бүгінгі күнде облыс әкімінің аппараты толықтай цифрлық сервиспен қамтылған.

10. Жеке және заңды тұлғалардан келген өтініштермен жұмыс.

2025 жылдың 12 айында облыс бойынша 50 709 өтініш тіркелді. Өтініш берушілердің жалпы саны – 21 791 адам, оның ішінде жеке тұлғалар - 19 127 (87,8%), заңды тұлғалар - 2 664 (12,2 %).

Өтініштердің түрлері бойынша (арыз – 36 467, ұсыныс – 5 321, ЖТ/ЗТ қабылдау – 2 624, шағым – 1 936, сұраныс – 1 685, хабар – 1 501, ақпарат беру туралы сұрау салу – 609, БАҚ сұрау салуы – 193, адвокаттардың сұрау салуы – 178, мемлекеттік қызметтерді көрсету бойынша шағым – 82, үн қосу - 40, сот орындаушыларының сұрау салуы – 39, заң консультантының сұрау салуы – 35, нотариустың сұрау салуы – 4, салық төлеушілердің шағым - 1).

Өтініштердің басым бөлігі тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық – 11 119 өтініш 21,9%, жер қатынастары және оны пайдалану – 7 697 -15,2%, білім саласының мәселелері – 6 779 – 13,4%.

ОРЫНДАУШЫЛЫҚ ТӘРТІП МОНИТОРИНГІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

2025 жылдың қорытындысы бойынша 86 өтінішке қатысты бұзушылықтар мен кемшіліктер анықталды. Оның ішінде жолданымдарды қарау мерзімінің бұзылуы – 2, жолданымдарды қайта бағыттау мерзімінің бұзылуы – 84.

Мерзім бұзушылықтарға жол берген 77 қызметкер тәртіптік жауапкершілікке тартылды. Оның ішінде 1 қызметкердің жүктілікке байланысты демалыста болуына, 8 қызметкердің жұмыстан шығып кетуіне байланысты тәртіптік жауапкершіліктен босатылды.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК БАСШЫЛЫҒЫ ТАПСЫРМАЛАРЫНЫҢ ОРЫНДАЛУЫ

Облыс әкімінің аппаратына есептік кезеңде жоғарғы мемлекеттік органдардан 60 тапсырма келіп түсті, оның ішінде: ҚР Президенті Әкімшілігінен – 26, ҚР Парламенті Сенатынан – 1, ҚР Үкіметі Аппаратынан – 17 және Министрліктер мен басқа да мемлекеттік органдардан 16 тапсырма түсіп, уақытылы орындалды, тапсырмалар бойынша мерзім бұзушылық анықталған жоқ.

2025 жылдың қорытындысы бойынша Маңғыстау облысы әкімдігінің Азаматтарды қабылдау орталығына жүгінген азаматтар саны – 6377. Соның ішінде өтініш білдіргендер 782, кеңес алғандар 2396, өткізілген қабылдаулар саны 337, қабылданған азаматтар 3199.

Маңғыстау облысында қазіргі таңда 10 Азаматтарды қабылдау орталығы жұмыс жүргізуде: 1 облыстық, 2 қалалық, 5 аудандық және 2025 жылғы екінші жартысында (Ақшұқыр және Жетібай ауылдарында) 2 ауылдық орталық іске қосылды.

Бөлімнің қызметін талдау барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

11. Бақылау және құжаттамалық қамтамасыз ету.

2025 жылғы мамыр-желтоқсан аралығында Маңғыстау облысы әкімі аппаратының бақылау және құжаттамалық қамтамасыз ету бөліміне жоғары тұрған органдарынан: ҚР Президенті Әкімшілігінен, ҚР Үкіметінің Аппаратынан, ҚР Парламенті Сенатынан, ҚР Парламенті Мәжілісінен, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінен барлығы 4 885 тапсырма, оның ішінде ҚР Президенті Әкімшілігінен – 817, ҚР Үкіметі Аппаратынан - 3 866, ҚР Парламенті Сенатынан - 44, ҚР Парламенті Мәжілісінен – 131, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінен - 27 тапсырма келіп түсті. 4 885 тапсырманың ішінде 4 399 тапсырма уақытылы орындалды, 486 тапсырманың орындалу мерзімдері 2026 жылға ұзартылды.

Бақылау және құжаттамалық қамтамасыз ету бөліміне 2025 жылғы мамыр-желтоқсан айлары аралығында түскен кіріс хаттардың жалпы саны - 16 809, оның ішінде тіркелген - 15 980, орындалған - 15 075, орындау мерзімдері ұзартылған - 905 тапсырма.

МОИП бірыңғай жүйе базасында келісілген жоғары тұрған мемлекеттік органдардан түскен нормативтік-құқықтық актілердің (НҚА) жобаларының саны - 720.

2025 жылы бұлтты құжат айналымы базасындағы ҰҚБ (ұйымдастырушылық-бұйрықтық құжат) жүйесінде 143 өкім, 50 бұйрық, 290 қаулы, 324 облыс әкімінің орынбасарларының, 100 облыс әкімінің хаттамасы, оның ішінде 73,17% орындалған, 26,83% орындалу мерзімдері 2026 жылға ұзартылған.

2025 жылы мекемеде ресми құжат бланкілерінің бүліну фактілері бойынша есеп жүргізілді. Есепті кезеңнің қорытындысы бойынша жалпы саны 23 дана бүлінген бланк тіркелді. Аталған бланкілер құжаттарды рәсімдеу және басып шығару барысында техникалық қателіктердің, мәтіндік өзгерістердің, сондай-ақ құжаттарды қайта рәсімдеу қажеттілігінің туындауына байланысты «жарамсыз» деп танылған.

Талдау барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

Қорытындылай келе, Аппараттағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу қағидаларына және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізілді.

Аппараттың қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

Жұмыс тобының басшысы: _____ М. Сұлтанов

Жұмыс тобының хатшысы: _____ Р. Жұбаназаров

Жұмыс тобының мүшелері: _____ А. Закарин

_____ Р. Парахатов

_____ Б. Есенов

_____ Ф. Мустафина

_____ Г. Чокудаева

_____ Н. Оразова

_____ Н. Ибрагимова

_____ Ғ. Бекпанов